

# СӨЖ

## Тақырыбы: «Тиімді коммуникация кедергілері»

Орындаған: Жанболатқызы А.

Қабылдаған: Құдайбергенова А. Ж.

Курс: 5

Факультет: ҚДС 12-003-01

# Қарым-қатынастың коммуникациялық жағының сипатамасы.

- **Жоспар:**
- Тұлғааралық қатынастағы кері байланыс.
- Коммуникациялық кедергі туралы түсінік.
- Коммуникациядағы ықпалдау.

- Қарым-қатынас барысында ақпарат бір адамнан (коммуникатор-ақпарат беруші) екінші адамға (реципент- ақпарат алушы) тек беріліп – алынбайды, алмасады. Сондықтан, ортақтасудағы ақпарат алысу – тікелей ары-бері ауысу ғана емес, бұл процесстің негізгі мақсаты белгілі жағдайдың не мәселенің жалпы мағынасын анықтау, ортақ көзқарасты белгілеу мен келісімге келу.
- Осы міндетті шешу үшін тұлғааралық ортақтасу барысында кері байланыс механизмі қызмет етеді.

- Кері байланыс дегеніміз- коммуникатордың әрекетіне реципиенттің реакциясы туралы берілетін ақпарат. Кері байланыстың мақсаты – ортақтасу серігіне оның мінез құлықтары өзгелер жағынан қалай қабылданып, сезіліп тұрғанын түсінуге көмектесу болып табылады.

## Кері байланыс түрлері

тікелей

жанама

Тікелей кері байланыс кезінде реципенттің сөйлеушінің құлқына реакциясы ашық түрде көрініс алады  
Тікелей кері байланыс реципенті коммуникатор түсінуі үшін қолайлы жағдай жасап, ортақтасуды тиімді және нәтижелі етеді.

Кері байланыстың жанама түрі- психологиялық ақпараты ортақтасу серігіне жасырын, астыртын жеткізу жолы. Ол үшін неше түрлі риторикалық сұрақтар, кекетулер, қатынас серігі күтпеген эмоциялық реакциялар пайдаланылады.

- .Коммуникация барысында ортақтасушыларға қатысушылардың мақсаты тек ақпарат алысу емес, сол ақпаратты қатынас серігің мүмкіндігінше дұрыс қабылдап түсінгені.



*Дәрігермен науқастың тиімді  
қарым-қатынасына кедергі  
қелтіретін бөгеттер*

shava.kz

- *Тиімді коммуникацияға кедергі келтіретін не?*

Екі адамның бір жағдайды түрліше қабылдауы, тиімді коммуникация үшін үлкен кедергі болып табылады. Ең алдымен, қарым-қатнастың екі жақты процесс екенін ұмытпау керек. Сондықтан, қарым-қатынас тиімді болсын десеңіз, тыңдаушының қабылдай алу қабілетіне мән беріңіз, ол үшін сөзге шебер, шешен болудың қажеті жоқ!



- ❖ айтушы жөнінде асығыс қортынды шығару;
- ❖ тым көп ақпарат айту немесе тым аз мәлімет беру;
- ❖ қате немесе бір-біріне қайшы келетін мәліметтер беру;
- ❖ тыңдаушымен түсініксіз тілде сойлесу,
- ❖ дауыс ырғағының үйлесімсіздігі;
- ❖ тыңдаушының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескермеу;
- ❖ тыңдаушы жөнінде пікірлер мен көзқарастың қалыптасуы



- Коммуникациялық кедергілердің түрлері:  
түсініспеушілік кедергісі, әлеуметтік  
мәдени айырмашылық кедергілері, қатынас  
кедергілері.

Түсініспеушілік кедергілері


```
graph TD; A([Түсініспеушілік кедергілері]) --> B[фонетикалық]; B --> C[семантикалық]; C --> D[стильдік]; D --> E[логикалық];
```

фонетикалық


семантикалық

стильдік

логикалық



Фонетикалық кедергі адамдар әр түрлі тілде, диалектте, не сақауланып сөйлегенде пайда болады. Сөйлеушінің тілі реңкі жоқ, тез, жаңылтпаш , қажетсіз сөздерге толы болған кезде де , түсніспеушілік кедергісі туындайды



Семантикалық кедергілер жаргон және слэнг мәселесімен тығыз байланысты. Ортақтасуға қатысушылардың өзіндік шағын мәдениеттерінде ұғымдармен құбылыстардың ерекше мән-мағынасы болады.

# Тұлғааралық коммуникацияны нәтижесіз, тиімсіз ететін кедергінің келесісі- стильдік тосқауыл

- Стильдік кедергі – коммуникатор мен реципиенттің тілдік стильдері бір-біріне не тілдің стилі ортақтасу жағдайына, реципиенттің көңіл-күйіне сәйкес келмеуі. Мысалы, балаларға, аспиранттарға лекция оқығанда бірдей тақырып болсада, екі түрлі тіл стилі қажет болады. Қайғырып не қуанып тұрған адамға бір ақпаратты әр түрлі мәнерде айтуға тура келеді. Коммуникатор неғұрлым сезімтал болса, реципиенттің ахуалын, ортақтасу жағдайын ұқыпты назарға алса, соғұрлым оның мәлімдемесі реципиентке дұрыс дәрежеде жетеді.

Логикалық кедергілер – сөйлеуші мен тыңдаушының қабылдау логикасы, дәлелдеу жүйесі әртүрлі болғанда пайда болатын . Қоғамда логикалық жүйелер өте көп. Мысалы, балалар логикасы, әйелдер мен ерлер логикасы, басшы мен бағыныштылар логикасы.

Әлеуметтік-мәдени айырмалар кедергілері әлеуметтік , саяси діни көзқарастарға, жынысына, жасына, мамандығына байланысты болады.

Қатынас кедергісі – коммуникаторды жақтырмайтындықтан оның мәлімдемесіне де қарсы қабылдау сенімсіздік сезімін туғызатын коммуникатордың сөзіне күдікпен қарау.

Кез-келген психологиялық кедергі – ақпарат қабылдау жолында құрылатын реципиенттің өз-өзін қорғауы.